

Ресей империясының бірінші дүниежүзілік соғысқа кіруі өзімен бірге отаршылдық езгінің күшеюіне әкелді, бұл салықтардың өсуінен және жерді тартып алудың жаңа тәсілдерінен көрінді. Сонымен бірге, бұл оқиға Ә. Бөкейханов пен А. Байтұрсынов бастаған ұлттық зиялы қауым өкілдеріне Қазақстанға және қазақтардың әскери қызметіне қатысты саясат мәселелері қайта қаралатынына үміт ұялатты. Бұл соғыста жеңіске жеткен және қазақтар оған империяның тең құқылы бөлігі ретінде қатысқан жағдайда ұлттық автономия құру туралы идеяларды жүзеге асыруға болатындығына байланысты болды.

Қорытынды. XX ғасырдың басында түрлі саяси оқиғалар нәтижесінде қалыптасқан Мемлекеттік Дума империя халықтары үшін жарқ еткен сәуле еді. Бұл көзі ашық азаматтарға халық атынан сайланған депутат ретінде трибунадан ел мүддесін қорғаудың бір мүмкіншілігі бола білді. Мемлекеттік Думаның трибунасынан қазақтардың өздерінен алынған жайылымдарды, қыстақтарды, егістіктерді, шабындықтарды, ормандарды қайтару, қазақтар алып жатқан барлық жерлерді олардың меншігі деп тану, бүкіл дала өлкесінде земствоны, әскери қызметке шақыруды енгізу және т.б. өзекті мәселелерді көтеруі қазақ зиялылары үшін саяси өсуге, идеологиялық күрестің алғашқы тәжірибесі мен либералды идеялармен жақын танысуына алып келді. Қазақтардың Думаға қатысуы патша әкімшілігінің империялық отарлау амбицияларына қарсы күрестегі кезекті маңызды қадамдарының бірі бола білді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Әбдіманов Ә. «Қазақ» газеті — Алматы: Қазақстан, 1993. — 168 бет.
2. «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТИ. 1913 жыл / Құраст.: С.О. Смағұлова, Ғ.Қ. Әнес, Т.А. Замзаева. - Алматы : « Арыс» баспасы , 2009. — 480 бет.
3. Красный архив. Том 3 (34). 1929 год. – Москва - Ленинград: Государственное издательство, 1929. – 240 с.
4. «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТИ. 1914 жыл /Құраст.: С.О.Смағұлова, Ғ.Қ.Әнес, Т.А.Замзаева. Алматы : « Арыс» баспасы, 2009. - 504 бет.
5. Букейханов А. (V) Ничьи деньги // Сибирские вопросы. – 1908. – 16 декабрь. - № 47-48. – 6-8 стр.
6. Брайнин С., Шафири Ш. Очерки по истории Алаш-Орды / Под ред. Н.Н. Ванаг. Алма-Ата; Москва: Казахстанское краевое издательство, 1935. — 148 с.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1937-1938 ЖЫЛДАРДАҒЫ РЕПРЕССИЯНЫҢ САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЗАРДАПТАРЫ

*Есенбаев А.Д., тарих факультетінің I – курс магистранты
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан*

Қоғамда әміршілдік-әкімшілдік жүйе идеологиясы өз жемісін бере бастаған 1929 жылы И.Сталин «Ұлы бетбұрыс» жылы деп аталды. Партиялық мерзімді басылымдар коммунистік саясат пен идеологияны насихаттаумен қатар, партия көсемін мақтап мадақтаудың ерекше үлгісін көрсетті. «Ұлы данышпан» Сталинді қазақ халқы ғана емес, бүкіл кеңес жұрты жырға қосты. Орталық басылымның жолынан ауытқымайын дегендей, басқа ұлт тілінде шығатын мерзімді басылымдар «Правда» газетінің «Сталин жолымен» деген тақырыпта көсемге арналған өлеңдер топтамасын аударып басты.

Ленинен кейін Сталиннің билікке келуі КРСО да түбегейлі өзгеріске алып келді. Сталин үкіметі жүргізген зұлаMAT 1937 жылы шарықтаған шегіне жеткен еді. Ол өз пікіріне, әркетіне қарсысының көзін құртып, партияны өзінің бағытына жұмыс істеуге жұмылдырды. Елдегі «жауларына», оппозициялық күштерге қарсы жазалаушы оған Ішкі

Істер Халық Комиссарияты (НКВД) құрды. Орган Сталиннің жеке өзінің қол шоқпарына айналып, мәртебесін шарықтатып жіберді.

1937-1939 жылдардағы саяси қуғын-сүргін шаралары бірден белең ала қойған жоқ. 1920 жылдан бастап әлеуметтік күштеудің мемлекеттік механизмі мен социалистік құрылымға қарсы пікір білдірушілерге қарсы террордың тәжірибесі негізінде басталды. 1930 жылдың екінші жартысында қоғамды қайта құру мен саяси, экономикалық және әлеуметтік мәдени мәселерердің шешімдерін пайдаланып, кеңестік күштеу жүйесін пайдалану өзінің кемеліне жетті. «Үлкен террор» ол заңды логикалық процесс механизмі болды. Бірақ кеңес халқына қарсы жүргізілген саяси қуғын-сүргін бір дүркін түрде емес, толқынды сипатта жүрді. Ал 1937-1938 жылдардағы жүргізілген қуғын-сүргін науқандары кең ауқымды әлеуметтік топты қамтыды. Мемлекетте қалыптасқан жағдайға байланысты осы қуғын-сүргін шараларына қарсы қозғалыстың болмауынан немесе осы сияқты процесстердің болмауынан 1937-1938 жылдардағы үлкен террор саясаты жүзеге асты.

Репрессия саясатының кең ауқымдылығын түсіну үшін «Үлкен террор» кезіндегі 1937 жылғы ақпан-наурыз пленумында келтірілген баяндамаға назар аудару керек. Онда «басқа державалардың ішінде КСРО жалғыз социализм құрылысындағы мемлекет, шетелдік мемлекеттер, оның ішінде Финляндия, Балтық елдері, Польша, Румыния, Түркия, Жапония елдері Франция және Ұлыбритания елдерінің көмегімен КСРО-дағы социализм құрылысына тосқауыл болуы үшін шпиондар мен диверсант әскерлерін КСРО-ға енгізеді» деген оймен контексте «басқа әлеммен қарым-қатынас жасағандарға, қуғындау ісі жүргізілді» делінген. Сондықтан «басқа әлеммен» байланыста болған шпиондарды қудалау науқанының басталуы ғажап емес. Оның саяси мәнінде мынаны айтуға болады. Алашорда зиялылары қазақ елін отарлық езгіден азат ету, қазақ қоғамын орта ғасырлық мешеуліктен өркениетті әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолына шығаруды мақсат етіп қойды. Олар біртұтас халықтық мүддені көздеді. Кеңестік кезеңдегі «ұлтшылдар» атанған ұлттық бағыттың заңды жалғастырушылары болды. Бұл үрдіс әміршіл-әкімшіл жүйенің туындауымен үзіліп, тәуелсіздігімізді жариялауға, дербестік ұмтылыс жасау тұрмақ, емеурін білдіруге де болмайтын, төрешіл де тегеурінді мемлекет ішінде «кіші іні» ретінде өмір сүруге алып келді [1].

Бұл жағдай Қазақстанның өзін-өзі билеуіне бөгет қойды, ғасыр басындағы ұлт зиялыларының ізгі арманы ХХ ғасырдың аяқ кезінде Одақтық мемлекеттің күйреуі нәтижесінде ғана ақиқатқа айналды. Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрпына, салт-санасына, тұрмыс-тіршілігіне, ең бастысы тілі мен дініне соққы болып тиді. Бір халықтың мандайына біткен жұлдыздарын елім, жұртым деген арыстарын содырлы саясаттың сойылымен соғып, есеңгіретіп отыруын не деуге болады? Оны тек қана өздерін дәріптеп, өзгені көзге ілмеген шовинизм сырқатының сырынан іздеу керек. Кеңес өкіметінің Қазақстанда жүргізген кеңестендіру, тап ретінде байларды жою, жаппай отырықшылықтандыру мен ұжымдастыру саясаты сол кездегі аласапыран тұста жергілікті халықты күйзелтіп, бей-берекетін шығарды. Аса жауапты және күрделі мәселені шешуге ұлттық зиялылардың ұстанған бағыты, ұлттық мүддені қорғауға бағытталған табиғи әрекеттері «ұлтшылдық» есебінде бағаланды.

ХХ ғасырдың 20-30-жылдардағы репрессиялау науқанында назар аударарлық жағдай – сол кезеңдегі қаулы-қарарларды мерзімді баспасөз беттерінде әр түрлі «шыңдықтар». Ф. Голощекин қазақ зиялыларына «сәдуақасовшылдық», «қожановшылдық», «рысқұловшылдық», «сейфуллиншілдік» тағы басқа «шыңдықтар» атын туғызды, оның ұлттық билік басындағы бетке шығарларын қуғындау үшін ойлап тапқан амалы екеніне көзіміз жетіп отыр. Сондай-ақ, осы тұстағы баспасөз бетіндегі көптеген авторлардың мақалаларындағы пайымдаулары нақтылы құжаттар емес, олардың ойдан шығарған жасанды тұжырымдары Ф. Голощекин және оның төңірегіне топтасқан партия белсенділерінің «шыңдықтарды» ойлап тауып, жікшілдік ауруын жасанды түрде қоздырудағы мақсаты: ұлт зиялыларының, жалпы ұлттың позициясын әлсірету әрекеті болатын [2].

XX ғасырдың басындағы Алашорда зиялылары, Кеңес үкіметі орнағаннан кейінгі коммунистік партия қатарында болып, «ұлтшыл», «оңшыл» атанған ұлттық зиялылар қазақ халқы мүддесі, ізгілік пен әділеттіліктен өзгені мақсат етіп қойған жоқ. Оған А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, С. Сәдуақасов, С. Қожанов, Т. Рысқұлов іспеттес біртуар дарындардың шығармалары білім мен танымның асыл қазынасы болып табылатыны дәлел [3].

Алаш зиялыларына қарсы күрестің жандануына жоғарыда келтіргеніміздей, 1925 жылы 29 мамырда Сталиннің Қазақ өлкелік партия комитетінің бюросына өлкелік «Ақ жол» газетінің ұстанған бағытын айыптап арнайы жазған хаты себеп болды. Ол хатта газет бетіндегі жариялаған мақалаларының бұл кезде шет елде эмиграцияда жүрген М. Шоқайдың ойымен «үндес және пікірлес екенін, яғни Алашордашыл ұлтшыл идеяларды жаңғыртатыны» атап көрсетілді. Сондай-ақ, алдағы уақытта осындай көзқарастағы партияда жоқ зиялы қауым өкілдерін жастарды тәрбелеуге жібермеу ескертілді. Көп кешікпей-ақ, 1926 жылы болған партия конференциясында Ф. Голощекин басында А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов сияқты қазақ зиялылары тұрған ұлттық қозғалысты «реакцияшыл» тіптен, «контрреволюцияшыл» деп бағалады.

Әлеуметтік зардабы ол қазақ санының азаю еді. Кеңес үкіметінің орнаған алғашқы күніне бастап-ақ үзіліссіз жүргізіп отырған бұл шараның қанды шеңберіне қоғамның саяси өміріне белсенді түрде араласқан адамдардың барлығы да іліккен еді. Сондықтан бұл қанды террордың зұлматы зардабынан қазақ халқының ұлттық даму демографиялық детерминизм, яғни амалсыз санға тәуелділік жағдайында калып қойды. Жазықсыз жазаланғандар саны әлі күнге дейін әртүрлі мөлшерде айтылады. 1937-1938 жылдары 1 миллион адам атылып, 2 миллион адам тұтқында өлген. М. Тәтімов «Зұлматтың ауыр зардабы» атты еңбегінде 1937-1938 жылдары қазақстандықтардың 44 мыңы түрмеде, ал оның 22 мыңы атылған деп айтады. 1936-1938 жылдар арлығында 29 әртүрлі «контрреволюциялық ұйымдар» ашылып, 1937-1938 жылдары 160 мың адам қуғын-сүргінге ұшыраған.

Қуғын-сүргінге негізделген саяси жүйе орнаған елде дені сау адамдардың өзін-өзі өлтіруі жиі кездеседі, 1930-1950 жылдары КСРО көлемінде жетекші қайраткерлердің өзіне-өзі қол жұмсауы жиі кездескен. Қазақстанда қалыптасқан ауыр саяси жағдайдан туындаған психологиялық күйзеліс салдарынан адами құндылықтар қатары сиреп, нәтижесінде өзін-өзі өлтіру адамдар арасында жиі кездескен. Заманында ұлт азаттығы жолында халқына қалтқысыз қызмет еткен зиялыларымыз болашақ тәуелсіз мемлекеттің іргетасын қаласты. Сондықтан да тәуелсіздік жолында күрескен ұлттық зиялыларымыздың есімдері ұлттық мүдде жолындағы белсенді қоғамдық-саяси қызметі бүгінгі тәуелсіз Қазақстан тарихының қасиетті төрінен орын алуы керек.

Коммунистік партияның қағаз жүзіндегі ұлт теңдігі, ұлттардың өзін-өзі билеу құқы шын мәнінде ұлтсыздандыру саясаты еді. Коммунистік идеяны уағыздап, ұлт тарихын, тілді, дәстүрді, дінді табанға басып, қорлау осы кезеңнен басталды. Сталиндік қуғын-сүргін саясаты қоғамның барлық саласын, әртүрлі әлеуметтік жіктерді, топтарды, тіпті балаларды да қамтыды. Жаппай жазалаудың құрығына оқушылар мен студенттер де ілікті. 1929 жылы 15 сәуірде БК(б)П Орталық Комитетінің хатшысы Смирновтың қолы қойылған, 12100 нөмірлі аса құпия құжаты жер-жерге таратылды. Онда, «Орта және жоғары оқу орнын тазарту» туралы айтылып, оқитындардың әлеуметтік және мүліктік жағдайын толық тексеру бұйырылады. Оқытушылар мен студенттерден «контрреволюцияшыл, троцкийшіл» мазмұндағы әдебиеттерді тартып алу науқаны 1930 жылдың ортасында күшейді [4].

Сталинизм тепкісінен тентіреген сәбилердің тағдыры қайғылы да ауыр. Тағдыры ерекше тәлкекке түскендердің үлкен бір тобы – балалар. «Ішкі Істер халық Комиссариаты балалары». Сталиндік қанқұйлы заманның зұлматын оларға қарап отырып салмақтасақ, олар өте көп. Мәселен, С. Сейфуллиннің жалғыз ұлы Аян (небәрі екі жарым жаста) поезданы ыстық-суыққа төзбей, тұлпардың соңғы тұяғы жол үстінде үзіліп кетті.

Қазақ қоғамының дәстүрлі дамуын күйретуге бағытталған қуғын-сүргін саясатына ер азаматтармен бірге әйел-аналар да азды-көпті дәрежеде қудаланды. Мәселе олардың санында емес. Қуғын көрген бір тағдыр, бір адамның жан азабы оның төңірегіндегілерге, отбасы мүшелері мен тума-туыстарына қаншама қайғы-қасірет әкелді. Оның бәрі сөзбен айтып жеткізетін оңай нәрсе емес. Себебі, ол адам тағдыры. Біздерге сталиндік саяси қуғын-сүргінге ұшырағандар есебі сол кезеңнің қылмысын ашып, оның ауқымы мен ақиқатын тануға көмектеседі.

Отбасындағы тәрбие мен құндылықтар легі ұлттың ұйтқысы, ұлттық рухтың кепілі. Сондықтан да отбасының шырқын бұзу саясаты ұлттың рухын төмендетіп, ел бірлігіне нұқсан келтіретіндігін кім де болса мойындайтыны анық. Кеңестік тоталитарлық мемлекет құлағанымен оның кейбір қалдықтарының әлі күнге дейін сақталуы заңды құбылыс. Себебі, жүйені өзгерткенмен, оның адам санасына сіңіп, бойында қалыптасқан элементтерін, әсіресе құлдық психологияны жою үшін біраз уақыт керек. Әсіресе, әлі күнге арамызда кездесетін құлдық психологиядан арылуымыз керек.

20-шы жылдардың екінші жартысынан бастап, И.В.Сталиннің басқаруымен қалыптасқан тоталитарлық жүйе Қазақстанның мәдениетінің дамуына үлкен кеселін тигізді. Қазақстан 1932-1933 жылдары бұрынды-соңды болмаған қоғамдық апатты басынан кешірді. Соның нәтижесінде қазақ елі өзінің жартысынан айырылды. Апаттың себебінен орталық та, голошекиндік өлкелік бсшылық та өз мойындарына алудан үзілді-кесілді бас тартты.

Қазақ қоғамының дәстүрлі дамуын күйретуге бағытталған қуғын-сүргін саясаты ер азаматтармен бірге әйел-аналар да азды-көпті дәрежеде қудаланды. Мәселе олардың санында емес. Қуғын көрген бір тағдыр, бір адамның жан азабы оның төңірегіндегілерге, отбасы мүшелері мен тума-туыстарына қаншама қайғы-қасірет әкелді. Оның бәрі сөзбен айтып жеткізетін оңай нәрсе емес. Себебі, ол адам тағдыры. Біздерге сталиндік саяси қуғын-сүргінге ұшырағандар есебі сол кезеңнің қылмысын ашып, оның ауқымы мен ақиқатын тануға көмектеседі. Кеңес үкіметі қазақ әйелдерінің «теңдігі» мәселесін мемлекеттік деңгейге көтеріп, оны өз саяси мақсат-мүддесіне орай шешті. Нәтижесінде ғасырдан-ғасырға жалғасып, ұлттың ұйытқысы болған отбасы бірлігіне, тәрбиесіне зиянкестік жасалды. Әйелдерге қатысты жүргізілген саяси шаралар жаппай қуғын-сүргінге жол ашты.

Сол жылдары адамдар бойындағы тек қана адамзатқа ғана лайықты сапа- қасиеттерді азайту қуғын-сүргін саясатымен қатар жүрді. Жазылған «домалақ арыздар» сол кезеңнің ақиқатын қазіргі күні көрсеткендей. Қудалау, нақақтан жала жабу қоғамдық өмірдің барлық саласынан көрініс табатын, тіпті үйреншікті деп атауға болатын құбылысқа айналды.

Қылмыстық өмірден алу себебін тексерудің орнына «зиянкестер» саны көбейтілді. Ал адамдарды тұлғалық қасиетінен айырып «меншігіне қол сұғуға» итермелеген мемлекеттің өзі болатын. Ақ-қарасын айырмай жалпылама айып тағу жоғарыдан жасалғандықтан өрескел заңсыздықтар өмірден орын алып, сансыз “пайымдаулар” дәлел ретінде қылмыстық істерге тіркеле бастады. Ал ұрып қорқыту, моральдық-психологиялық қысым жасау да репрессияға ұшырағандар санын көбейтті. Түрмелерде жатқан әйелдерге мән берілмей, олардың аты-жөндері де дұрыс сұралмаған [5].

Халықтың жалған жауларымен күрес кеңейе келе өз мақсаттарын жүзеге асыра бастады. Оның қарқынды жүргені соншалық, еліміз лагерьлер торабымен шырмалып (Карлаг, Степлаг, Алжир), оның жан-жағы тікенекті темірлермен қоршалды және оны сыртынан қаруланған қызметкерлер қарауылдады. Ал кейіннен жаппай атылған адамдардың көмілген жерлері белгілі бола бастады. Соның бірі Алматыға жақын жердегі Жаңалық деген жерде табылған, 1937-1938 жылдардағы тоталитаризм құрығының құрбандары, дүние жүзіне әйгілі жазушылар мен ақындар М.Б. Жұмабаев, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, дарынды оқымыстылар А. Байтұрсынов, С.Д. Асфендияров, ірі мемлекет және қоғам қайраткерлері, шаруашылық жетекшілері, өндіріс саласындағы

озаттар жерленген. Ал қазіргі таңда қаншама адам репрессия құрбандығына жазықсыз ұшыраған өз бауыр-туыстарының, ата-аналарының мәйіті қайда екенін білмей іздеуде. Сталиндік сыңаржақ саясаттың қанды шеңгеліне ілініп, 37-нің зұлматты жылдары құрбан болған қазақтың маңдай алды азаматтарының жамбасы жерге тиген жер бүгінгі күн белгілі болып отыр. Ол Алматыдан небәрі 35-ақ шақырым жердегі Талғар ауданына қарасты Әли елді мекенінің Диханбай қыстауында. Осы жерде 2,5 мың озбыр саясат құрбандары мәңгілік дамыл тапқан. Ресейліктер табыс еткен құжат бойынша 499 боздақ, небәрі 14 күнде атылып, осы жерге құпия түрде көмілген. Содан кейін-ақ дембіл-дембіл бірде 40-тан, бірде 37, бірде-19 мәйітті тиеген қаралы көлік осы жерге түн сайын қатынап отырған.

Өкінішке орай, жергілікті белсенділердің тұғырдан таймауға тырысқан жандайшаптар мен жалған әшкерелеулерінің ардан безгені, елді қуғындауға құныққаны соншалық, орталыққа «халық жаулары» деп әкелінді, олардың «тамырына» қол салды, басқаны былай қойғанда бейкүнә туған-туысқандарына, жерлестеріне құрық тастады және оларды да оп-оңай «халық жауы» деп жариялады. Бұларға жаулықты үйреткен жоғарыда қызметте болған жерлестері деп жала жабуда алдарына жан салмады.

Әрине заңсыздықтар, әділетсіздіктер мен басынушылық мәңгі емес. 1950-ші жылдардағы түбегейлі өзгеріс мемлекеттің бұл ісіне араласпай қойған жоқ. Ақырындап жазықсыз жазаланғандарға тағылған айыптарды қайта қарау процесстері мен ақтау процесстері басталды. Лагерьлердегі адамдарды босату және атылғандарды ақтау істері қолға алынды.

Иә, қалай десек те, қасірет көлемі аз емес және КСРО құрамындағы Қазақстан сияқты отар елге ол үлкен соққы болып тиді. Бір жағынан орталықтағыдай партияны «тазалау», экономика саласындағы кемшіліктерді «халық жауларынан» іздеу саясаты қолданылса, екінші жағынан ҚазССР РСФСР-дің құрамындағы мемлекет ретінде отарлау саясатының жалғасын көрді. Бұл жылдары сталиндік қуғын-сүргін қоғамның көп бөлігін тіптен, барлық әлеуметтік топты қамтыды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қойгелдиев М. «Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII-XX ғғ.)». Зерттеулер., / - Алматы: Жалын, 2004
2. К.Нұрпейісов «Алаш һәм Алашорда». / - Алматы: «Ататек», 1995
3. Омарбеков Т. «Зобалаң (Күштеп ұжымдастыруға қарсылық)». Оқу құралы., / - Алматы: Санат, 1994
4. Нұрпейісов К. «Алаш һәм Алашорда». / - Алматы: «Ататек», 1995
5. Мусин Ч. «Қазақстан тарихы». / - Алматы: Рауан, 1997

1937-1938 ЖЫЛДАРДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ТАРИХЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ

*Қалықберген Е.Н., тарих факультетінің 1 курс магистранты
Ғылыми жетекшісі: Карсыбаева Ж.А, т.ғ.к., қауымд.проф.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан*

1940-шы және 1950-ші жылдардың бірінші жартысында сот жүйесі бойынша жүргізілген саяси қуғын-сүргінге қатысты зерттеулер мен жарияланымдар аз болды. Осы жылдары салыстырмалы түрде аз мөлшерде оқулықтар мен басылымдар шығарылды, онда бұл мәселе тек жанама түрде қозғалды. 1950 жылдардың ортасы мен екінші жартысында И. В. Сталин қайтыс болғаннан кейін және жеке тұлғаға табынушылықты әшкерелегеннен кейін КСРО-да болған маңызды өзгерістер репрессиялық саясаттың қалыптасқан